

Білім алушыларды білім беру үйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 ақпанды № 10297 тіркелді

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 16) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Білім алушыларды білім беру үйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары бекітілсін.
2. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Ж.Қ. Шаймарданов):
 - 1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды қамтамасыз етсін;
 - 2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды қамтамасыз етсін;
 - 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
 3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.
 4. Осы бұйрық алғашқы ресми түрде жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

A. Сарінжінов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 20 қаңтардағы
№ 19 бұйрығымен бекітілген

Білім алушыларды білім беру үйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Білім алушыларды білім беру үйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 16) тармақшасына сәйкес әзірленген және меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім алушыларды техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарына ауыстырудың және қайта қабылдаудың тәртібін айқындайды.

2. Білім алушыларды курстан курсқа, бір білім беру үйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екінші нысанға, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, бір мамандықтан екінші мамандыққа, ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыру жүзеге асырылады.

Ескерту. Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесіне сәйкес білім алу процесінде

босаған білім беру гранттарын беру арқылы жүзеге асырылады.

3. Құндізгі және кешкі оқу нысанында білім алушылардың ауыстыру және қайта қабылдау туралы өтініштерін қабылдаушы білім беру үйымының басшысы жазғы және қысқы демалыс кезеңінде, бірақ кезекті академиялық кезең басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей қарастырады.

Сырттай оқу нысанында білім алушылардың ауыстыру және қайта қабылдау туралы өтініштерін білім беру үйымының басшысы бір ай ішінде, бірақ қабылдаушы білім беру үйымының кезекті емтихан сессиясы басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей қарастырады.

4. Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың өткен академиялық кезеңдерде оқыған жұмыс оқу жоспарларындағы пәндердің академиялық айырмашылығы айқындалады.

5. Жұмыс оқу жоспарларының пәндеріндегі академиялық айырмашылықты қабылдаушы білім беру үйымы транскрипте немесе білім алууды аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтамада (бұдан әрі - анықтама) көрсетілген оқыған пәндерінің тізбесі, олардың бағдарламалары мен академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемі негізінде айқындалады.

6. Білім алушы шетелдік білім беру үйымынан ауыстырылған немесе қайта қабылданған кезде менгерілген оқу бағдарламалары туралы (академиялық анықтама, транскрипт), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қанчардағы № 8 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережесінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау ресімінен өтуі тиіс білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтағаны туралы құжат ұсынылады.

Шетелдік ЖОО-дан ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде Қазақстан Республикасында жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік білім алған тұлғалар да балы белгіленген өту балынан төмен емес ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі - ҰБТ) немесе кешенді тестілеудің (бұдан әрі - КТ) сертификатын ұсынады.

ҰБТ мен КТ-ға қатыспаған немесе өту балын алмаған тұлғалар бұйрық шыққанға дейін КТ тапсырады.

7. Жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы пәндерге жазылады, академиялық кезең ішінде оқу сабактарының барлық түріне қатысады, ағымдағы бақылаудың барлық түрін тапсырады, қорытынды бақылауға жіберілгендей туралы рұқсат алады.

Егер академиялық айырмашылық пәндері ағымдағы академиялық кезеңін оқу сабактарының кестесіне енгізілмеген жағдайда, білім алушы оларға жазғы семестрге жазылады.

8. Жазғы семестрде жойылмаған жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылық кейіннен академиялық берешек ретінде ескеріледі.

2. Білім алушыларды білім беру үйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау тәртібі

1-параграф. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асyrатын білім беру үйымдарында білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау

9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асyrатын білім беру үйымдарында (бұдан әрі - білім беру үйымдары) бір мамандықтан екінші мамандыққа немесе оқудың бір нысанынан екіншісіне ауысу білім беру үйымы басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

10. Егер білім алушы білім беру үйымымен білім беру қызметтерін көрсету туралы жеке шарт (бұдан әрі - шарт) жасаса, онда оның басқа білім беру үйымына немесе бір мамандықтан екіншісіне ауысуы үшін аталған шарттың өзгерілілуі немесе бұзылуы қажет.

11. Білім алушыларды курстан курсқа, бір білім беру үйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екінші нысанға, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, бір мамандықтан екінші мамандыққа, ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыруға тәрт оқу пәнінен аспайтын академиялық айырмашылық болғанда жол беріледі.

Кәмелетке толмаған білім алушының ата-анасы немесе занды өкілдері тұрғылықты мекенжайын ауыстырған жағдайда, растау құжаттарын ұсынса, оны каникул кезеңінен басқа уақытта да ауыстыруға рұқсат беріледі.

Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарында оқу шығындарын толық өтейтін, ақылы негізде білім алушы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу үшін бос орындарға мынадай тәртіппен ауысады:

1) білім алушы білім беру үйымы басшысының атына әрі қарай мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы еркін нысанда өтініш береді;

2) білім беру үйымының басшысы аталған өтінішті қарап, оны педагогикалық кеңестің қаруына шығарады және педагогикалық кеңес шешімінің негізінде білім алушыны әрі қарай мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

12. Басқа білім беру үйымына ауысуға ниет білдірген білім алушы білім алғып жатқан білім беру үйымы басшысының атына еркін нысанда ауысу туралы жазбаша өтініш береді және ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісім алғып, өзі қалаған білім беру үйымының басшысына өтініш білдіреді.

Қабылдаушы білім беру үйымы басшысының атына жазылған ауысу туралы өтінішке ауыстыратын білім беру үйымы басшысының қолымен куәландырылған білім алушының сынақ кітапшасының (немесе үлгерім кітапшасының) көшірмесі қоса тіркелуі қажет.

13. Ауыстыру туралы мәселе шешілген жағдайда білім алушыны қабылдайтын білім беру үйымының басшысы оның оқу сабактарына рұқсат беру, оқу жоспарындағы айырмашылықтарды тапсыру туралы бұйрық шығарады, бұрын білім алушы оқыған білім беру үйымына оның жеке іс құжаттарын жіберу туралы жазбаша сұрау жолдайды.

14. Білім беру үйымдарының білім алушылары қатарына қабылдау туралы бұйрық білім алушының бұрын оқыған білім беру үйымынан жеке іс қағаздары алынғаннан кейін шығарылады.

15. Білім беру үйымдарында бұрын білім алған тұлғалар бұрынғы немесе басқа білім беру үйымына қайта қабылдана алады.

Қайта қабылдаудың міндетті шарты білім алушының бір семестрді аяқтауы болып табылады және қайта қабылдау туралы мәселе оның жеке өтініші негізінде ғана қаралады.

Білім алушыларды бірінші курсқа қайта қабылдауға бірінші семестрді аяқтағаннан кейін тиісті немесе ұқсас мамандықтар бойынша рұқсат етіледі.

16. Оқу ақысын төлемегені үшін семестр кезінде оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушы төлемақы бойынша қарызын өтеген жағдайда оқудан шығарылған күннен бастап төрт аптаның ішінде оқуға қайта қабылданады, бұл ретте білім беру үйымы төлемақы бойынша қарызын өтегені туралы құжатты ұсынған жағдайда үш жұмыс күні ішінде білім алушыны қайта қабылдайды.

17. Бұрын басқа білім беру үйымдарында білім алған білім алушыларды оқуға қайта қабылдауға:

курстар мен мамандықтар бойынша оқытудың тиісті оқу топтары болған жағдайда;

оқуды аяқтамаған тұлғаларға берілетін Анықтамада (немесе білім алушының сынақ кітапшасында) көрсетілген оқу пәндерінің қабылдаушы білім беру үйымының жұмыс оқу жоспарының оқу пәндері тізбесінен айырмашылығы төрт оқу пәндерінен артық болмаған жағдайларда рұқсат етіледі.

18. Жұмыс оқу жоспарының пәндері мен оқу сағаттарындағы айырмашылықты білім беру үйымы басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары белгілейді. Оқу жоспары пәндеріндең айырмашылықты жоюдың тәртібі мен мерзімі білім беру үйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

19. Бұрын білім алған білім алушы басқа білім беру үйымына оқуға қайта қабылданған жағдайда бұрын оқыған білім беру үйымының басшысы қабылдаушы тараптың жазбаша сұрауы негізінде білім алушының жеке іс құжаттарын жібереді, бұл ретте Анықтамаңың, сынақ кітапшасының көшірмесін және жіберілген құжаттарының тізімдемесін өзінде қалдырады.

20. Оқуға қайта қабылдану үшін бұрын білім алған білім алушы өзінің оқуын жалғастырғысы келетінін білдіріп, білім беру үйымы басшысының атына еркін нысанда өтініш, береді, бұл ретте қайта қабылдау туралы өтінішке Анықтама қоса беріледі.

21. Ұсынған Анықтама негізінде білім беру үйымы курсты және пәндердің айырмашылығын анықтап, оқуға қайта қабылдау туралы өтінішті берілген уақыттан бастап екі апталық мерзімде қаруы қажет.

2-параграф. Жоғары оқу орындарында білім алушыларды аудитору және қайта қабылдау

22. Егер жоғары оқу орындарының (бұдан әрі - ЖОО) білім алушылары жеке оқу жоспарына сәйкес менгеріп жатқан бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаса, олар оқудан шығарылғаннан кейін аудисе қайта қабылдана алады.

Бұл ретте білім алушы оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан кез келген оқыту нысанына, кез келген мамандыққа және кез келген жоғары оқу орнына аудисе қайта қабылдана алады.

23. Білім алушыны бір мамандықтан екіншісіне, бір оқыту нысанынан екіншісіне аудитору ақылы негізде оқу үшін ғана жүзеге асырылады.

24. Білім алушыны аудитору немесе қайта қабылдау кезінде олардың әрі қарай оқу курсы пререквизиттерді есепке ала отырып айқындалады.

Білім алу кезеңінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында әскери міндеттін өтеуге шақырылған білім алушылар тиісті курсқа қайта қабылданады.

Бұл ретте жоғары оқу орындары ағымдағы оқу жылы ішінде тапсыруға қажетті пререквизиттер тізбесін анықтайды.

25. Менгерілген кредиттерді қайта есептеу білім беру бағдарламаларын, менгерілген пәндердің тізбесі мен мазмұнын, олардың көлемін, алынған білімді, білікті, дағылар мен құзыреттерді, сондай-ақ Дублин дескрипторларына сәйкес көрсеткен оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүргізіледі.

26. Менгерілген кредиттерді қайта тапсыру кезінде қорытынды бақылау нысанындағы айырмашылық ескерілмейді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 28 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйимдастырудың қағидаларына сәйкес сынақ ең төменгі D (1,0; 50-54 %) және ең жоғарғы A (4,0; 95 -100 %) аралығындағы диапазонда білім алушының оқу жетістігін бағалаудың әріптік жүйесіне теңестіріледі.

27. Білім алушыны курстан курсқа аудитору жазғы емтихан сессиясының қорытындысы (аралық аттестаттау) бойынша жазғы семестрдің нәтижелерін және алынған орташа үлгерім балдарын (GPA - Grade Point Average) ескере отырып жүзеге асырылады.

28. Білім алушының ЖОО-да белгіленген аудису балынан төмен емес үлгерімнің орташа балына (GPA - Grade Point Average) қол жеткізуі білім алушыны курстан курсқа аудиторудың міндетті шарты болып табылады.

29. Білім алушыны курстан курсқа аудитору ЖОО басшысының бұйрығымен ресімделеді.

30. Белгіленген аудису балына қол жеткізген және келесі курсқа аудиторудың білім беру гранты немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі - мемлекеттік тапсырыс) бойынша білім алушы академиялық қарызы бар болған жағдайда білім беру грантын немесе мемлекеттік тапсырыс орнын сақтай отырып, оны ақылы негізде жояды.

31. Білім беру гранты бойынша білім алатын студент білім беру грантын сақтай отырып басқа ЖОО-ға аудисе алады.

Жекелеген ЖОО-лар үшін бекітілген білім беру гранты бойынша нысаналы орындарға, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық мамандықтарға түскен студенттер басқа ЖОО-ға тек ақылы негізде ғана аудисе алады.

32. Магистранттар басқа ЖОО-ға тек ақылы негізде аудисе алады.

33. Студенттер мен магистранттарды басқа ЖОО-дан үлттық ЖОО-ға аудитору тек ақылы негізде ғана жүзеге асырылады.

Бұл ретте студенттің үлттық бірыңғай тестілеудің немесе кешенді тестілеудің сертификатындағы балл саны 60-тан төмен болмауы және орташа үлгерім балы (GPA - Grade Point Average) аталған үлттық ЖОО-дағы белгіленген аудису балынан төмен болмауы тиіс.

34. Білім алушыны курстан курсқа, бір мамандықтан екіншісіне, бір оқыту нысанынан екіншісіне, бір ЖОО-дан екінші ЖОО-ға ақылы негізде аудитору және қайта қабылдау рәсімін ЖОО дербес белгілейді және оның академиялық саясатында көрсетілуі тиіс.

Бұл ретте білім алушының жеке іс қағазында бакалаврат үшін - ҰБТ немесе КТ тапсырғаны

туралы сертификат, магистратура үшін - тұсу емтихандарын тапсырғаны туралы сертификат болуы тиіс.

35. Білім беру гранты бойынша білім алушыны бір ЖОО-дан екіншісіне аудыстыру рәсімі мүнадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) басқа ЖОО-ға аудысуға ниет білдірген білім алушы білім алған жатқан ЖОО басшысының атына аудысу туралы еркін нысанда өтініш береді және аудысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісім алған, қызығушылық танытқан ЖОО басшысына өтініш білдіреді;

2) қабылдаушы ЖОО басшысының атына жазылған аудысу туралы өтінішке оқу ісі жөніндегі проректор мен офис-тіркеуші қол қойған, мөрмен бекітілген транскрипттің, білім беру гранты иегері куәлігінің, оқыған ЖОО басшысының атына жазылған өтініштің (басшының қолы қойылып, мөрбасылған) көшірмелері қоса берілуге тиіс;

3) факультет деканы (институт директоры) ұсынылған құжаттардың негізінде оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылықтарын айқындауды және менгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсын белгілейді, білім беру бағдарламасына сәйкес менгерілген кредиттерді қайта есептейді және тіркеу бөлімімен келісім бойынша білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді;

4) факультет деканы (институт директоры), офис-тіркеуші, академиялық мәселелерге жетекшілік жасайтын бөлімше басшысы (оқу-әдістемелік бөлім немесе басқарма) бастығы, оқу ісі жөніндегі проректор қойған бұрыштамаларға сәйкес ЖОО басшысы білім алушыны аудыстыру туралы бүйрық шығарады;

36. Білім алушы аудысатын ЖОО-ның басшысы бүйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде білім алушы бұрын оқыған ЖОО-ға оның жеке іс қағаздарын жіберу туралы жазбаша сұрау жолдайды. Сұрауға білім алушыны аудысу тәртібімен қабылдау туралы бүйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

37. Білім алушы бұрын оқыған ЖОО-ның басшысы мұндағы сұрауды алғаннан кейін «(ЖОО атавы) аудысуна байланысты оқудан шығарылды» деген мазмұндағы оқудан шығару туралы бүйрық шығарады және бүйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде білім алушының жеке іс қағаздарын қабылдаушы ЖОО-ның мекенжайына жолдайды.

Білім алушы оқыған ЖОО-да транскрипттің көшірмесі, сынақ кітапшасы, студенттік билет және жіберілетін құжаттардың тізімдемесі қалады.

38. Бір ЖОО-дан екіншісіне білім беру гранты негізінде білім алушыны аудыстыру кезінде қабылдаушы ЖОО-ның басшысы білім алушыны қабылдау туралы бүйрықтың, көшірмесін оның атына жазылған білім беру гранты куәлігінің көшірмесімен бірге білім беру саласындағы уәкілетті органға және тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ЖОО-ның қаржыландыру көлемін түзету үшін ұсынады.

39. Оқу кезеңінде пайда болған ауру нәтижесінде берілген мамандықта оқуға тыйым салынғаны туралы дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы бар білім беру гранты бойынша білім алушы бір мамандықтан екіншісіне бос орындарға білім беру гранты бойынша аудысады.